



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 34/626

23 августа 2019 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІМЕН! С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

Құрметті Әріптестер!

Сіздерді шын жүректен Конституция күнімен құттықтаймыз!

Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өмір-шеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін!

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, игіліктер, бейбітшілік тілейміз, ертеңгі күнге және біздің Отанымыздың жаңа жетістіктеріне сенімділікпен алға баса берулеріңізге, заңда жария етілген құқықтар мен еркіндіктің толық жүзеге асуына тілектестігімізді білдіреміз. Баршаның зор денсаулық, амандық-саулық, молшылық, ашық аспан мен Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлдене беруін тілейміз!

Құрметпен;

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков



Конституция күнімен!
С Днем Конституции!

Уважаемые коллеги!

От всей души поздравляем Вас с Днем Конституции!

Провозгласив фундаментальные принципы поступательного развития народа Казахстана, Главный Закон нашей страны выдержал испытание времени и доказал свою жизнеспособность. Благодаря этому, Казахстан сегодня занимает достойное место в международном сообществе. Пусть из года в год крепнут наши главные ценности – Независимость, Единство и Стабильность!

Дорогие земляки!

Поздравляя Вас с Днем Конституции, убеждены, что мы можем с уверенностью и оптимизмом смотреть в будущее, понимая, что наша слаженная работа, сплоченность и созидательная энергия определяют дальнейшее поступательное движение Казахстана к процветанию и благополучию.

Желаем Вам крепкого здоровья, мира, успехов, новых достижений, движения вперед, с уверенностью в завтрашнем дне нашей Родины!

С уважением;

Аким города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин


Б.Сәрсембеков

Мәмілеге келтіруші

МЕДИАТОР ЖҰМЫСЫ – ДАУДЫ ШЕШУ КЕШІЛІ

2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қабылданды. Бұл Заң Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиаторлардың мәртебесін айқындайды.

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанды делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тәсілі сот жүйесіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз



Біздің қаламыздың кәсіби емес медиаторы Жалмұрат Кеңесұлы.

Жалмұрат Кеңесұлы «Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымында қызмет атқарғанына қарамастан, медиация саласында да жұмыс істеп, халықтың дауын шешіп, көмек көрсетуге ат салысуда.

Медиация бойынша 2011 – 2019 жылдар аралығында 450-ге жуық іс-қарап, үлкен жұмыстар жүргізіп көп деген дауды шешкен. Сонымен қатар қаламызда медиация бойынша өткізілетін кездесулер, дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері секілді іс-шараларға белсене қатысуда.

Жалмұрат Кеңесұлы алдағы уақытта жұмысын тоқтатпай қаламыз үшін көп қызмет көрсетіп, тұрғындардың заң жүзіндегі даулары мен келіспеушіліктерін сот отырысына жеткізбей мейірімді жолын табып бейбітшілік арқылы шешетініне сенімдіміз.

Приозерск қаласы әкімінің аппараты



студің бірден - бір жолы болмақ, яғни, тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады.

Қалалық байқау

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРШЫСЫ

Елімізде латын әліпбиінің қарпіне көшу саясаты уақыт өткен сайын жаңғырып, қарқын ала бастады. Жер-жерлерді осынау маңызды бастаманы жүзеге асыруға аса мән беріліп, әртүрлі ішаралар жасалына бастағаны байқалады. Осыған байланысты «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2019-жылға арналған ішаралар жоспарына сәйкес қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшу барысын кеңінен насихаттау мақсатында үстіміздегі жылғы 16-тамыз күні «Jаңғырудың жаршысу - jапа алірбі» атты қалалық байқауын өткізді.

Байқауға қаламыз бойынша мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен бөбекжай тәрбиешілері қатысты. Байқаудың негізгі мақсаты: латын графикасында жазу дағдысын қалып-

тастыру мақсатында сауатты жазу мәдениетін дамыту және де қазақ қоғамының латын графикасына бейімділігін арттыру болатын. Қатысушыларға 4 кезеңнен тұратын әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар берілді. Әділқазылар алқасының талдамасы мен бағалауы негізінде бірінші орынды «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі Баян Мынбосыновна Үдербаява жеңіп алды. Жұлделі екінші және үшінші орындарды «Приозерск қаласы білім бөлімі» ММ-нің жастар тәжірибесінен өтуші Мөлдір Кенжабаевна Бессенова және Арайлым Абдулғазизқызы Әбілда иеленді. Қатысушыларға байқауды ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтар, мадақтама грамоталары және алғыс хаттар табысталды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суретте: байқаудан көрініс.



Актуально!

КОГДА КАЗАХСТАНСКИЕ УЧИТЕЛЯ ПЕРЕЙДУТ НА 5-ДНЕВНЫЙ РАБОЧИЙ ДЕНЬ

Вице-министр образования и науки Казахстана Фатима Жакупова прокомментировала вопрос перехода учителей на 5-дневный рабочий день. Свое мнение она высказала на пленарном заседании августовской конференции МОН РК, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"Большой вопрос, который сейчас беспокоит учительское сообщество – это пятидневная рабочая неделя. В СМИ ранее прозвучало выступление Асхат Канатовича (Аймагамбетова, министра образования и науки РК – прим. автора) о том, что МОН дана настоятельная рекомендация, что-бы каждая школа, обсудив на педсовете и исходя из того, какие типовые учебные планы приняты в школе, наличия кабинетов, могла перейти на 5-дневку. Другого решения здесь не нужно – если школа перешла на 5-дневку, то учитель вправе использовать субботний день на свое усмотрение", – сказала Жакупова.

Она отметила, что учителя могут провести этот день дома, со своими детьми.

"Учителя могут провести его дома, со своими детьми. При этом администрация

школы может 1 раз в месяц ставить заседания педсоветов и методсоветов, а также другие организационные мероприятия. Поэтому, мы полагаем, что вопрос о пятидневной рабочей неделе в этом году будет решен окончательно. Это один из наиболее часто встречающихся запросов от учителей, поэтому убедительная просьба администрациям школ этот вопрос решить", – добавила



вице-министр.

Также она напомнила, что Президент РК Касым-Жомарт Токаев ранее требовал не привлекать учителей к непрофильной работе.

Источник: www.kazpravda.kz

ЕДИНАЯ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМА ПО МОНИТОРИНГУ ЦЕН НА СОЦИАЛЬНО-ЗНАЧИМЫЕ ТОВАРЫ

В ходе заседания Правительства РК под председательством Премьер-министра РК Аскара Мамина рассмотрены вопросы обеспечения стабильности цен на социально значимые товары, передает корреспондент Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Премьер-министра.

"Мы рассмотрели очень важный вопрос о ценах на социально-значимые продовольственные товары. Глава государства уделяет этому особое внимание. Как следует из докладов, цены на некоторые товары растут. Это говорит о недостаточности принимаемых мер, в первую очередь со стороны акиматов. Учитывая особую важность оперативного обмена информацией по ценам, поддерживаю предложение Министерства торговли и интеграции по созданию единой онлайн-платформы", – сказал Премьер.

С помощью данной системы граждане смогут в онлайн режиме отслеживать цены на социально значимые продовольственные товары в разрезе регионов и конкретных магазинов, а также принимать непосредственное участие в мониторинге цен.

Аскар Мамин отметил, что 17 августа текущего года вступили в силу типовые



правила реализации механизмов стабилизации цен на социально-значимые продовольственные товары.

"Это позволит утвердить механизм стабилизации цен. Между тем, по информации регионов, правила на местах будут утверждены только ко 2 сентября текущего года. Поручаю акиматам ускорить утверждение региональных правил для реализации вышеуказанных механизмов. Важно не упустить время закупа в стабфонды. Работа некоторых стабилизационных фондов малоэффективна. Это нужно изменить", – добавил Мамин.

Премьер-министр поручил принять меры по недопущению роста цен.

Источник: www.kazpravda.kz

ЕҢБЕККЕ 15 ЖАСТАН АРАЛАСҚАН

Өнер (көркем әдебиет, музыка, кескіндеме, мүсін, сәулет, ұсташылық...) – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жандүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың немесе ұста қолынан шыққан туындының бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, жиһаздың немесе құралдың көрінісі көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді...

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында ағаштан, темірден, былғарыдан және басқа да заттардан адам баласының тұрмыс-тіршілігіне қажетті құрал-жабдықтар мен дүниелерді жасайтын керемет ұсталар, шеберлер өткен. Бұл үрдіс бүгінге шейін атадан – балаға мұрас болып жалғасып келеді. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері – Бөкенбай Еңсетбайұлы Нарымбетов те осындай ұсталық жолды таңдаған азаматтың бірі. Орда бұзар отызға келген жасында ол өзі қалаған кәсіптің біраз шыңына көтерілді деуге толық негіз бар. 1989-жылдың 5-ақпанында Қарақалпақстан Республикасы, Тахтакөпір ауданының Мүлік (сол кездегі К.Маркс) ауылында дүниеге келген Бөкенбайдың балалық шағының жартысы ғана туған ауылында өткен. Өйткені сол замандағы көші-қон саясатының ықпалымен 1998-жылдың ақырына қарай осы күнгі мекені – Приозерск қаласына келген. Себебі, мұнда оның туған ағасы Мұрат тұратұғын. Он жасынан бастап осы қаланың өміріне араласқан ол сол кезден-ақ ұсталық өнерге бет бұрған екен. Қалаға 1995-жылы көшіп келген Мұрат ағасы бұл кезде өзінің жеке кәсібін ашып, жұмсақ төсек-орындар, диван-кресло жөндеумен, қолдан жасаумен айналысуды қолға ала бастаған кезең бола-

тын. Сабақтан қолы босағанда ағасының қасында болып, керек-жарағын эпегуге көмектесе жүріп ағаш ұстасының іс-әрекетіне, жасаған тірлігі мен жиһаздарына қызығушылық сезімі ояна бастаған.

Тоғызыншы сыныпты бітіргеннен бастап, яғни 15 жасынан ұсташылыққа шындап ден қойған. Ағаш ұстасының кәсібіне әбден көзі қанығып, өзінің қолынан да іс келетінін осы кезден-ақ көрсетуге тырысады. Өз дәуірінде ауылдың айтулы ұстасы болып танылған нағашы ағасы Найб Жиенбаевтан дарыған өнер оны осы кәсіпке алып келгені анық еді. Орта мектепті бітіріп шыққанда



Бөкенбай бұл кәсіптің қыры мен сырына қаныққан, дайын ұста болды. Сондықтан болар, оқуға түсуге онша талпына қоймапты. Еңбектің құнын, онымен келген нанның тәттілігін ұғынған бала жігіт осы кезден бастап ағасының қолқанына, сенімді серігіне айналады. Бұл кездері Мұрат Еңсетбайұлының кәсібі өрге басқан, кәсіпкерлік көлемінің кеңейген, жұмыс күшінің көбейген сәтітін. Ағайынды кәсіпкерлер енді өндіріс ауқымын кеңейтіп, тұрғындардың сұранысына қарай – үйге қажетті түрлі жиһаздар мен бұйымдарды қолдан жасап шығуға бет бұрған. Халықпен қатар мекемелердің кеңсесіне қажетті дүние-бұйымдар жасау сұранысы да арта түседі. Әуелгі жұмыстарын үш қабатты үйдің бірінші қабатындағы екі бөлмесінен бастаған оларға бұл кезде арнайы шеберхана

қажеттілігі бой көрсетті. Сосын базар манынан бос ғимаратты жалға алып кәсіптерін жүргізуге тура келді. Кейіншілік Достық көшесінің бойындағы бұзылған үйдің орнынан өздеріне арнап шеберхана, кеңсе орнын қолдан тұрғызып алды. Мұның бәріне олар күндізтүні тынбай еткен еңбектерінің, толассыз жүргізген жұмыстарының арқасында қол жеткізді.

Қолдан жасаған жиһаз-бұйымдарын сатуға арналған «Сымбат» суда үйін іске қосты. Ол жерден үйге де, кеңсеге де қажетті дүниелердің неше түрін табуға болады. Кезінде «Нарымбетов ЖК» болып

ашылған ұжымнан бергінде, сұраныс қажеттілігіне қарай Бесасап-П» ЖШС бөлініп шығып, жаңа ұжым ашылады. Осы серіктестікте шебер-ұста болып жұмыс істейтін Бөкенбай бұл күнде өмірде де, кәсіпкерлік пен ұсташылықта да толысқан, бұғанасы бекіген азамат. Үйленіп, Жәмилә Жұбаниязова есімді жарымен екеуі өз шаңырақтарын көтерді. Жас отбасы алғашқы сәбилерінің дүниеге келер бақытты да, қуанышты сәттілерін күтулі. Қазіргі таңда 4 шеберханасы, 5 жұмысшысы бар ұжым жиһаздар жасаудан басқа темірден, пластиктен есік-терезелер жасап шығару қызметімен де айналысуда. Мұндағы жұмысшы-қызметкерлердің барлығы осы қала тұрғындары. Тұрғындардың сұранысына, тапсырысына орай олардың қалаған дүниелерін дер кезінде және сапалы етіп жасап беруге

Кәсібі бардың – нәсібі бар

дағдыланған. Бітірілген заттар тапсырыс берушілердің өтінішіне қарай үйіне дейін өз көліктерімен тегін жеткізіліп беріледі. Бөкенбайдың өзі тапсырыс берушілердің таңдауымен жасалатын жиһаздың кескіндемесін, сұлбасын жасап шығады. Бұл жерде пәтердің аумағы, ішкі құрылымы, обойдың түр-түсі, заманауи талапқа лайықты болуы секілді ұсақ-түйекке дейін ескеріліп, тапсырыс берушінің таңдауы – бәрі-бәрі тиянақтылықпен есепке алынады екен. Ыждағаттылықпен және сапалы жасалған дүниеге қашанда сұраныс артатыны белгілі және бұл бизнестің өз заңдылығы.

Қаланың қаншама отбасын жұмыспен қамтып отырған кәсіпкерлік ұжым қайырымдылық жасаудан да кенде емес. Олар тарапынан жаңадан салынған кеңселерге жиһаздармен демеушілік жасалып, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларға жыл сайын қайырымдылық көмек көрсетіліп келеді. Биылғы Арыс оқиғасына байланысты ол жаққа да қомақты қаржы аударылған. Басталғалы тұрған жаңа оқу жылына байланысты екі тұрмысы төмен және көп балалы отбасы балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтар, киім-кешек әперуді мойындарына алып отыр. Шығармашылық жандардың кітаптарын шығаруға әрдайым демеушілік жасап жүреді.

–Біздің ұжым ешқашан қайырымдылық жасау шараларына қатысудан бас тартқан да, қалған да емес. Жұмысшыларға еткен еңбектеріне қарай жалақысын уақытында төлеп отырамыз. Оларға да реті келгенде көмектесуден қалмаймыз, – дейді Бөкенбай. – Адал еңбекпен жасалатын жұмысымыз өзіміздің бала-шағамызға да жетіп, қиналған жұртқа да көмек қолын созу – біздің азаматтық және адамдық борышымыз деп санаймыз. Осынау жасалған қайырымдылық істерімізді есептеп, жазып жүруді мақсат етпейміз. Оны бізден көмек алған жандар мен бір Құдай билесе болды, – дегенді ұстанған жігіттің бұл ісі мұсылмашылықтағы «Оң қолың бергенді, сол қолың көрмесін», – деген қағидасын еске түсіреді. Замана көшінен қалмай, бүгінгі кездің ең қажетті талабына бейімделе білген жас ұстаның алдағы істері де баянды, табысты, жемісті боларына біз де сенеміз. 15 жасынан бастап еңбекке араласып, ұсталықты шебер меңгерген Б.Еңсетбайұлы алдағы уақытта білімін жетілдіріп, өмірге жаңа туындылар әкелуді мақсат ететінін айтып қалды сөз арасында.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суретте: Б.Нарымбетов.
Суретті түсірген автор.



КҮМІС АЛҚАЛЫ КӘСІПКЕР АНА

Жомарт жүрек!

Кез-келген адамның әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер де ең алдымен анандан тарайды. Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді жан – ана. Ана баласы қандай қателік жасаса да кешіреді. Оның мейірімінің шегі жоқ. Әйел заты үшін ана болу – бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып-қағуда ана өзін-өзі ұмытып, барлық күш-жігерін перзентіне жұмсайды, ол арқылы оның жаны нұрлана, нәрлене түседі, тіпті әр ана баласы үшін құрбан болуға дайын тұрады. Ал, баланың анаға деген тек махаббаты болуы жеткіліксіз. Оны барынша құрмет тұтып, қастерлеу әрбір баланың борышы, парызы һәм қарызы. Ана махаббатын сөзбен айтып, жырға қосып, әнмен әрлеп жеткізу мүмкін емес. Ананың мейірімі жан-жағына көктегі Күннен де артық өз шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейірім алып жүрген барша адамзат аналарды мәңгі ардақтап, аялай білсе, бұдан асқан бақыт жоқ шығар!..

Ал, осы біз әспеттеп, құрметтеп, ардақтап жүруге тиісті аналар кешегі ұрыста қан майданда қару ұстап, жаумен жағаласқанына, бейбіт өмірде еңбек майданының көрігін қыздырғанына бәріміз куәміз. Бүгінгі таңда да аналардың араласпайтын тірлігі жоқтың қасы. Биліктің биік сатыларынан бастап, ұшқыш та, инженер мен ғалым да, қарапайым жұмысшы да осы әзиз жандардан шығуда. Анау-мынау ер-азаматтың тісі батпа бермейтін кәсіпкерлік саланың сан қилы тармақтарында еңбек етіп, содан бала-шағасына, отбасына нәпақа тауып, онымен қоса бүлдіршіндей сәбилерді дүниеге әкеліп, оларды бағып-қағып, тәрбиелеудің үдесінен шығып жүрген аналарды көргенде бар көңіліңмен риза болмай тұра алмайсың. Мұндай аналардан біздің қаламыз да құралақан емес. Атап айтқанда – алты баланы дүниеге әкеліп, олардың тәрбиесіне қарап, арасында өз кәсібін дөңгелетіп отырған ең жас «Күміс алқалы» ана Ләззат Бауыржанқызы Омарованы тілге тиек етуге тұрарлық.

Қаламыздың ішінде қатынайтын авто-

буста кондукторық етіп жүретін Ләззатты тұрғындар арасында танымайтындар некен-саяқ шығар. Жымия күліп жүріп жолаушыларды күтіп алатын, көлікке мінген балаларға ыждағатпен қарап, кіш-кентайларының құлап қалмауын қадағалап жүретін Ләззаттың білдей бір жеке кәсіптің иесі екенін жұрттың бірі білсе, бірі біле қоймасы



анық. «Пассажирские перевозки» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013-жылдан бергі иесі де, құрылтайшысы да осы Ләззат Бауыржанқызы. Серіктестік басшысымын деп қол қусырып қарап отырмай, автобустың қалаішілік қатынасына да өзі бақылау жасап, кондукторық етіп жүреді. Арасында балаларының да бабын табады, сабағына да қарайды, ата-енесінің қабағын бағып, ерінің де жағдайын жасауға уақыт табады. Кәсіпкерлікпен айналысу әйел адам тугілі, ер кісіге де бағына бермейтін шаруа екенін көріп жүрміз. Бұл салада ең бірінші сабырдылық, шыдамдылық, қарапайымдылық та қажет сияқты.

Міне, осыларды жадында мықтап ұстап жүретіндер ғана мұның үдесінен шыға алса керек. Ләззаттың өміржолдасы Нұрлан Шадыбайұлы мемлекеттік қызметте болғандықтан, жарына аса көңіл бөлуге уақыты бола бермейтіні рас. Сондықтан оған көбіне, әлі де тұғырдан тая қоймаған қайына-тасы Шадыбай ақыл-кеңесін айтып, қолы-

нан келгенше көмек қолын созып жүреді. Балалардың мектеп пен балабақшаға қатынауы да осы аталарының мойнында. Солай болғасын да Ләззат өзінің жұмысын көбіне алаңсыз атқаруға кіріседі. Отбасыдағы жұбайлық, аналық һәм келіндік міндеттерін барынша кінәратсыз атқаратындықтан, бұл отбасының береке-бірлігі жарасқан, көңілдері жай, қазаны қайнаулы, қонағы құтулі.

Осынау ұйыған шаңырақта алтын асықтай алты бүлдіршін өсіп-жетіліп келеді. Тұңғыштары – ата-әже баласы Хакназар ат жалын тартып мінер жасқа келген, сегізінші сыныптың озат оқушысы. Спортқа қызы-

ғады. Темірлан алтыншы, Инкәр төртінші, Әмір үшінші сыныптың озат оқушылары. Инжу биыл мектеп табалдырығын аттаса, кенжетайлары Керей биыл қыста екі жасқа толады. Біз Ләззатпен хабарласқанда ол мектеп қабырғасындағы балаларының жаңа оқу жылына дайындықтарымен айналысып, қарбаласта жүргенін айтқан. Өз тілімен айтқанда қысқа мерзімдік «демалыста» екен. Қуә болғанымыздай, аналардың демалысының өзі қызғын тіршілікке толы. Ләззат үшін де балаларына бағытталған осынау тынымсыз тірлік, қызу қарбалас шақтың өзі аналық бақыттың қандай екендігін меңзегендей. Бұл балақандар сәл күнде – көзді ашып-жұмғанша жетіліп, өсіп, ата-анасына қолқанат болады, сосын оқуларын бітіріп, ұлы өмірге қадам қояды және анасының жасаған жақсылығын, махаббатын перзенттік сезімдерімен өтейтін болады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», демекші, бұл отбасыдан түлеп ұшқан қарлығаштардан жаман бала шықпайтынына кәміл сенеміз.

Өзі де өнегелі отбасынан түлеп ұшқан Ләззатқа жақсы шаңыраққа келін болу бақыты бұйырғандықтан, оның жанарында мейірім шапағаты тұнған, көңілі көлдей, жүрегі жомарт жан. Оның мейірімі мен жақсылығын, қамқорлығы мен қайырымын ерекше қажеттілігі бар, көмек қолына мұқтаж жандар көріп жүр. Ләззаттың көлігінде тыл ардагерлері, аз қамтылған отбасылардың балалары, «Жасыл ел» жасақтары, қыс айларында жарты түбектің оқушылары мен көп балалы отбасылардың балалары тегін тасымалданады. Өзіне мейірімі бар жан, өзгелерге де мейірім шуағын шаша алады. Оның бүгінгі жасап жүрген қайырым-шапағаты ертең-ақ Алладан шарапат болып қайтатыны сөзсіз. Бұны өзі де көп бала дүниеге әкеліп, өсіріп отырған ана болғандықтан жан-жүрегімен сезіне алады. Біз де өз кезегімізде «Әрбір еткен қайырымның Алладан мың есе болып қайтсын!», деген игі тілегімізді білдіреміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суретте:
Л.Омарова отбасымен.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акіма города Приозерск” 5-41-53
График приема граждан: Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонның нөмірі: (871039)5-32-45
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник-четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, саулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48
Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Профилактика здоровья

ТУБЕРКУЛЕЗ ИЗЛЕЧИМ ПРИ СВОЕВРЕМЕННОМ ВЫЯВЛЕНИИ

Туберкулез представляет серьезную угрозу для населения во всем мире.

Туберкулез - это хроническое инфекционное заболевание, социально значимое. Туберкулезом болеют люди разного возраста и пола. Возбудитель туберкулеза палочка Коха не различает социального статуса и с одинаковой эффективностью заражает бедных и богатых. Заражение туберкулезом происходит: при кашле, чихании больного, при вдыхании пыли, в которой находится микобактерия туберкулеза, через предметы гигиены. Всем известно, что чем раньше выявлено заболевание, тем более эффективно его лечение. Это относится, прежде всего, к туберкулезу. В нашей стране на сегодняшний день существует 3 метода выявления туберкулеза: туберкулин диагностика, флюорографический метод и бактериологическое исследование мокроты. Основным методом раннего выявления туберкулеза у взрослого населения и подростков с 15 лет является флюорографическое исследование.

Флюорографию подразделяют на профилактическую и диагностическую.

Профилактическая проводится для раннего выявления бессимптомных форм туберкулеза и рака легких у населения и декретированных контингентов. Диагностическая проводится для исследования грудной клетки у лиц с клиническими симптомами заболевания, при диспансерном наблюдении больных туберкулезом и хроническими заболеваниями легких.

Массовые флюорографические обследо-

БОРИСЬ С ТУБЕРКУЛЕЗОМ!



ДЫШИ СВОБОДНО!

вания населения являются наиболее эффективным методом контроля, так как раннее и своевременное выявление ограниченных форм туберкулеза органов дыхания и их эффективное лечение являются основными факторами сокращения резервуара инфекции среди населения. Внимательное отношение к собственному здоровью, своевременное прохождение профилактических флюорографических обследований, своевременное обращение к врачу при появлении симптомов, характерных для туберкулеза помогут избежать тяжелых форм заболевания.

Уважаемые жители Приозерска!

С целью раннего выявления туберкулеза, онкологических и других неспецифических заболеваний легких, не забудьте пройти флюорографию!

КГП «Центральная больница города Приозерск»

К сведению населения

СИНДРОМ ВНЕЗАПНОЙ СМЕРТИ МЛАДЕНЦА

Анализ деятельности КГП «ЦБ города Приозерск» показывает, что за последние 5 лет фактов материнской смертности не зарегистрировано.

За 7 месяцев 2019 года младенческой смертности также не зарегистрировано, против 2 случаев – (13,5%) за 7 месяцев 2018 года.

Синдром внезапной смерти младенца - это не заболевание и не болезненное состояние. Тот факт, что это случается без предупреждения, без каких-либо предпосылок, делает синдром внезапной смерти младенца тяжелым, невыносимым испытанием для родителей.

Как предотвратить внезапной смерти младенца?

Можно существенно снизить риск СВСМ следуя простым рекомендациям, разработанным педиатрическими сообществами мира. Соблюдение этих простых правил безопасного сна младенца позволит в значительной степени снизить не только риск СВСМ, но и смерть от внешних причин, таких как удушье, закупорка дыхательных путей, застревание головы ребенка между разными предметами.

Правила, которые нужно соблюдать:

1. Кладите ребенка спать на спину!
2. Внимательно отнеситесь к выбору места для сна ребенка!
3. Совместный сон с ребенком на диване, в кресле несет в себе чрезвычайно высокий риск СВСМ или удушья ребенка!
4. Не используйте устройства, которые по заявлениям производителей направлены на предотвращения риска СВСМ их эффективность и безопасность не доказана!
5. Не оставляйте ребенка надолго спящим на машинном сидении, в коляске, детских качелях, надувных сиденьях, переносках для младенцев, слингах.
6. Встаньте на учет по беременности и



соблюдайте предписания врача.

7. Не курите!
 8. Не употребляйте алкоголь и запрещенные вещества во время беременности!
 9. Берегите ребенка от сигаретного дыма!
 10. Вакцинируйте ребенка!
 11. Кормите грудью, если можете.
- В последнее время участились случаи смерти детей от утопления во время купания. Никогда не оставляйте ребенка без присмотра во время купания.

Можно ли пеленать ребенка?

Пеленание может помочь предотвратить СВСМ, так как запеленованному ребенку легче оставаться на спине во время сна. Пеленание умеренно ограничивает подвижность ребенка и создает определенное чувство комфорта и безопасности. Однако следует помнить, что излишнее или слишком тугое пеленание может привести к перегреванию ребенка. Если вы пеленаете ребенка, используйте тонкие одеяла и убедитесь, что в комнате не слишком жарко. И, конечно же, никогда не кладите запеленованного ребенка на живот. Когда ребенок подрастает и начинает пытаться перевернуться или может выбраться из пеленок, лучше перестать его пеленать, так как это может привести к небезопасным перетяжкам в пеленках или закрыванию лица.

КГП «Центральная больница города Приозерск»

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.

Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15,

Заказ № 34/626. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.

МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА» ***

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107

Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час. Выходной - Понедельник

Запись по телефону: мастера-парикмахеры: 8-775-274-25-87 (Апталый) 8-747-970-25-81 (Карлыгаш). На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская Милолика

Ваша красота - Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.

Возможен торг.

г. Караганда, (город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м²

Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.

Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки

Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ЕГОВ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИМДІЛІГІ ҚАНДАЙ DIGITAL KAZAKHSTAN

ЖЫЛДАМ

БИЗНЕСТІ ТІРКЕУ УАҚЫТЫ 1 САҒАТТАН АСПАЙДЫ!

БҰРЫН 30 КҮН УАҚЫТ КЕТЕТІН

ПОРТАЛДА АНЫҚТАМАНЫ КҮН-ТҮНІ КЕЗ КЕЛГЕН УАҚЫТТА 10-15 МИНУТ ІШІНДЕ АЛУҒА БОЛАДЫ

ӨТЕ ҮЙҒАЙЛЫ

40 ҚЫЗМЕТ ҮШІН БІР РЕТ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН SMS-ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ ЭЦҚ

«БАЛАНЫҢ ТУЫЛУЫ» КОМПОЗИТТІК ҚЫЗМЕТІ SMS АРҚЫЛЫ 3 ҚЫЗМЕТ

ТҮУ ТУРАЛЫ ҚУВЛІКТІ АЛУ ЖӨРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ БАЛАБАҚШАҒА КЕЗЕККЕ ҚОЮ

НАҚТЫ ҚОЛЖЕПІМДІ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІН МҮМКІНДІКТЕРІ: e.gov 235 ҚЫЗМЕТ e-license 399 ҚЫЗМЕТ

2018 ЖИЛІК ҚАЗАҚСТАН ШЕЖІРМЕСІ

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041